

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ететін нормалар мен лимиттерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 1323 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.11. N 654 Қаулысымен

"Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :

1. "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қор) қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ететін мынадай нормалар мен лимиттер бекітілсін:

Қор резервінің ең төменгі мөлшері;

Қор шотындағы инвестицияланбайтын ақшаның ай сайынғы қалдығының ең төменгі мөлшері.

2. Қордың резерві Қор активтерінің есепті айдың бірінші күніндегі Қор провизияларына қатынасы ретінде айқындалады және Қор оны 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап ай сайын есептейді. Бұл ретте Қор резервінің ең төменгі мөлшері 1,1 коэффициенттен кем болмауы тиіс.

3. Қордың Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде ашылған банктік шотындағы инвестицияланбайтын ақшаның ай сайынғы қалдығының айдың басындағы ең төменгі мөлшері есепті айдың алдындағы айдағы Қордан төленетін әлеуметтік төлемдер сомасының екі еселенген мөлшерінен кем емес, бірақ 100000000 (бір жүз миллион) теңгеден төмен болуы тиіс.

Көрсетілген сомаға есепті айдың бірінші күніне дейінгі соңғы бес жұмыс күні ішінде Қордың шотына есептелген түсімдер сомасы кірмейді.

4. Провизиялар еңбек ету қабілетін жоғалту және асыраушысынан айрылу жағдайына төленетін болашақ әлеуметтік төлемдердің күтілетін ағымдық мәні ретінде 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап актуарлық есеп айырысулар пайдаланыла отырып есептеледі.

5. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

